

Нұра ауданының білім беру бөлімі әдістемелік кабинеті

«Нығыман бастауыш мектебі» КММ

Келісемін:

Нұра ауданының білім беру
бөлімі жағындағы әдістемелік
кеңесінде

№ _____



А.З.Каирбекова

Бекітемін:

мектеп меңгерушісі:



Г.К.Канькеева

Вариативтік курсының бағдарламасы

Атауы: «Логика әлемі»

Сыныбы: 4-сынып

Аптасына: 1 сағат

Сағат саны: 34 сағат

Құрастырған: Л.И.Бекеева

2023-2024 оқу жылы

Түсінік хат

Берілген құрал бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытуға жағдай жасай отырып, баланы ізденімпаздыққа және өзіне сенімді болуға ұмтылдырады. Ақыл-ой деңгейін қалыптастырады. Ұсынылған құралмен жұмыс жасау кезінде баланың бойындағы қорқыныш пен қате жасап қоямын-ау деген мазасыз ойлар төмендейді де, сенімділік пен тұрақтылық дамиды. Тәжірбиелік өзіндік жұмыстар баланың ойлау қабілетіне бақылау жұмыстарына, сонымен қатар оның танымдық белсенділігінің артуына бағытталады. Бұл тапсырмаларды орындау барысында ең алдымен, жеткілікті көлем, жүйелілік және мақсаттылық болуы керек.

Тапсырмалар баға қоюға емес, оқыту мен дамытуға арналған. Сол себепті логикалық тапсырмалар жеке тұлғаның өзіндік ойлау қабілетін дамыту мен қалыптастыру болып табылады. Яғни, назар аудару, елестету, есте сақтаудың түрлері, сұрыптау, зейінді дамыту және ойша тұжырымдама жасау.

Құрылған тапсырмалар мазмұны жағынан бір-біріне ұқсамайды. Бұл баланың ой-өрісін дамытып қана қоймай, оны байқағыштыққа, шапшандыққа, ойын дәлелдеуге де үйретеді, әрі оны жалықтырмайды. Әр сабақ сайын тапсырмалар қиындайды, көлемі көбейіп, тапсырманы орындау жылдамдығы артады.

Мақсаты: ойлау дағдыларын дамыту арқылы, шығармашылық тапсырмаларды өз бетінше орындауға қалыптастыру.

Міндеттері:

-өз бетінше іздену әрекеттерін қалыптастыру, оқушының интеллектуалдық және ерік пен сезім белсенділігін дамыту;

-негізгі ойлау операцияларын саналы түрде қолдана білуге үйрету;

-көру, есту, байқау, іздеу, қиялдау, елестету, есте сақтау арқылы логикалық ойын дамыту;

-алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету және тәрбиелеу.

-жүргізілетін сабақ түрі: ортақ тақырыптарды қайталау, қорытындылау, пысықтау, бекіту тапсырмалары.

Пәнаралық байланыс: дүниетану, бейнелеу өнері, жаратылыстану, тарих, өзін-өзі тану пәндері.

Өзектілігі:

*оқушылардың өз бетінше ізденіп, әдеби кітаптарды көп оқымауы;

*компьютер, ғаламторға әуестігі;

*оқушылардың сөздік қорларының аздығы, сөйлеу мәдениетінің төмендігі;

*оқушылардың орысшаға, ағылшын тіліне бұрмаланып сөйлеуі;

Күтілетін нәтиже:

-оқушылардың логикалық тұрғыдан ойлай біледі;

-сараптау, талдау арқыл өзіндік шешім қабылдай алады;

-өз ойын сауатты түрде жеткізе алады;

-оқушылардың білім деңгейін көтеруге деген қызығушылығы артады;

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Күні, айы, жылы
1	Балалардың даму деңгейін анықтау	1	04.09
2	Балалардың даму деңгейін анықтау	1	14.09
3	Зейін	1	21.09
4	Зейін	1	28.09
5	Жадында сақтау	1	05.10
6	Жадында сақтау	1	12.10
7	Зандылықты сақтау	1	19.10
8	Қиял	1	26.10
9	Қиял	1	09.11
10	Зейінді дамыту	1	16.11
11	Зейінді сақтау	1	23.11
12	Жадында сақтау	1	30.11
13	Жадында сақтау	1	07.12
14	Зандылықты іздестіру	1	14.12
15	Қиялды дамыту	1	21.12
16	Қиялды дамыту	1	28.12
17	Өткенді қайталау	1	11.01
18	Зейінді жетілдіру	1	18.01
19	Зейінді жетілдіру	1	25.01
20	Жадында сақтауды дамыту	1	01.02
21	Жадында сақтауды дамыту	1	08.02
22	Зандылықты іздеуге үйрету	1	15.02
23	Қиялды жетілдіру	1	22.02
24	Қиялды жетілдіру	1	29.02
25	Зейінді жаттықтыру	1	01.03
26	Зейінді жаттықтыру	1	15.03.
27	Жадында сақтауды жаттықтыру	1	04.04
28	Жадында сақтауды жаттықтыру	1	11.04
29	Көру арқылы есте сақтауға жаттығу	1	18.04
30	Зандылықты анықтауға арналған жаттығулар	1	25.04
31	Қиял мен қисынды жаттықтыру	1	02.05
32	Қайталау	1	16.05
33	Қайталау	1	23.05
34	Білімділер сайысы	1	

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ерешева К.«Логика» Алматы
2. Үсенова Н, Фазылова А. «Өлке» 2015 ж.
3. Ж. Елшібаев «Зерек» Алматы «Өнер»
4. Б.Жұмақаева «Дене мүшелерінің атауларынан туындаған бірліктер» Алматы
- 5.Ж.Кейкін «Атадан өсиет, анадан қасиет» Алматы «Өлке»